NIS Nazarbayev Intellectual Schools

# IBeasy

IB World School

02.12.2016 Newspaper of Nazarbayev Intellectual School IB Edition №4

# LOOKING FORWARD WITH THE PRESIDENT




## WORLD ISSUE

20 қараша—Дүниежүзілік балалар күні

Page 2

## EVENT

Тәуелсіздік күнін өткізу жоспары

Pages 4, 6, 7

## EDITORIAL

Поговорим о высоком

Page 3

## INTERVIEW

"A leader should be simple…" Kamila Ilimbayeva

Page 5

## SPORT

Баскетбол с ФМН

Page 8

## SCHOOL LIFE

Кто на свете всех милее? Miss NISA

Page 9

# Балам, балам, жан балам!


https://goo.gl/AN5AiZ

**Көбіміз үшін Балалар күні – 1 маусым күні саябақта серуендеп, балмұздақ жеп қайтудың бірден -бір сылтауы. Алайда 20 қараша күні тойланатын Дүниежүзілік Балалар күнінің мағынасы да, мақсаты да одан әлдеқайда зор.**

“Бала - көңілдің гүлі, көздің нұры” десек те, әлемнің түкпір-түкпірінде қолайсыз жағдайларда, қауіпті елді мекендерде, жөнді медициналық көмексіз өмір сүріп жатқан бүлдіршіндеріміз бар. Балалар елдің ертеңін қалайтындықтан, Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің Мыңжылдық Даму Мақсаттарында балалардың аман-саулығына ерекше көңіл бөлген. Жалпы 8 мақсаттың 2-уі балалардың білім алу мүмкіндіктері мен өмірлерін сақтап қалумен тікелей байланысты, ал 5-уі олардың жағдайын жанама түрде жақсартуға бағытталған.

Халықаралық еңбек ұйымының 2008-2012 жылдар туралы ақпараты бойынша, 5-14 жас аралығындағы жұмыс жасайтын балалардың саны 176,5 миллионнан (барлық балалардың 14,5%) 144,1 миллионға (11,8%) түскен. 2012 жылы жұмыс істейтін балалардың саны ең жоғары аймақ деп Азия-Тынық мұхиты аймағы аталды (64,4 миллион бала), одан кейінгі орындар Суб-Сахаралық Африкаға (57,6 миллион) және өзге аймақтарға (13 миллион; оның ішінде Орта Шығыс пен солтүстік Африка – 7,1 миллион) тиесілі. Балалар мен жеткіншектерді жұмысқа қатыстыру көлемі азайса да, дәл қазіргі сәтте әлемнің түрлі жерлерінде балаларды сату, ұрлау, құлдыққа алу сияқты ерекше қатыгез іс-әрекеттердің жасалып жатқандарына күмән жоқ. Осындай заңсыз қылмыстарды алдын алу және айыптыларды жазалау аймақтағы құзырлы органдардың парызы болса да, әлем қауымдастығы ретінде біздің қосатын үлесізіміз - зорлық-зомбылықты жасыруға жол бермей, мәселені жарыққа шығару.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2015 жылы 5,9 миллион жасы 5-ке жетпеген баланың қайтыс болғанын хабарлайды. Осы өлімдердің жартысынан көбін қарапайым медициналық көмек пен санитарлық жағдайды қадағалау арқылы болдырмауға болатын еді, дейді ұйым. Осы жас аралығындағы сәби өлімінің басты себептері мерзімнен бұрын босану, пневмония, диарея, малярия және нәресте асфиксиясы (тұншығу) болып табылады. Дамушы елдердегі нәресте өлімі көрсеткіштерінің жоғары болуы білікті мамандар тапшылығымен, антисанитарлық өмір сүру жағдайларымен, дәрі-дәрмектердің қолжетімсіздігімен, дұрыс тамақтану үшін жағдайдың жоқтығымен байланысты.

Төмен әлеуметтік жағдай мен қылмыстық іс-әрекеттердің кеңінен етек жаюы балалардың білім алуына бөгет жасап, білімсіздік мәселесін одан әрі ушықтырады. Отбасылардағы жасы үлкенірек балалар артынан ерген іні-сіңлілері мен бауыр-қарындастарын асырау үшін жұмысқа ерте орналасады, алайда өмір сүру деңгейі айтарлықтай өзгермейтіндіктен келесі

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2015 жылы 5,9 миллион жасы 5-ке жетпеген баланың қайтыс болғанын хабарлайды.

буын да осы циклдің құрбаны болады. Десек те, БҰҰ бастауыш сыныптарда оқитын балалар санының 2000 жылғы 83%-дан 2015 жылғы 91%-ға өскенін баяндайды. Бірақ бастауыш білімі бар жасөспірімдердің білім мен ғылым жолын әрі қарай қуатыны беймәлім.

Осы мақаланы жазып отырып, мен өз айналамды бір шолып өттім. Қарным тоқ, тоным бүтін. Әлемдегі әділетсіздікті жою үшін мен не істей аламын? Дәл мен сияқты Нигериядағы, Қытайдағы немесе Гватемаладағы баланың бүгіні мен ертеңін жақсарту үшін не істеуім керек? Осыдан 20-30 жылдан кейін әлемді басқару, ортақ үйіміздегі бейбітшілікті қамтамасыз ету біздің қолымызда болады. Сол мезет келген кезде адам баласына деген қайырымдылық пен мейірімділікті басшылыққа алып, әр сәбиге бақытты балалық шақты сыйлау үшін барымызды салуымыз қажет.

Аружан ЖАКАЙБЕКОВА

# Поговорим о высоком



**К сожалению, не так давно решила задуматься над тем, что же сегодня представляет собой «культурное» время препровождение молодежи, то бишь нас, дорогие читатели. И заметила, что довольно часто можно встретить своих «хороших» знакомых в лаундж барах, караоке, кино, кафе, и уж точно не там, о чем сейчас пойдет речь.**

12 ноября в русском драматическом театре им. Горького города Астаны прошла постановка не трагедии известного произведения Уильяма Шекспира «Ромео и Джульетта», которую я неожиданно для себя решила посетить.

В оригинале английским поэтом и драматургом была написана трагедия «Ромео и Джульетта», повествующая о красивой любви парня и девушки из двух враждующих старинных родов, которая закончилась, как не странно, драматично – смертью двух влюбленных. Однако режиссер Нурлан Асанбеков увидел великое произведение в совершенно иной от Уильяма Шекспира интерпретации, желая изменить историю вражды Капулетти и Монтеки, существующую вот уже 419 лет, и повернув все в совершенно другое русло. Именно поэтому спектакль закончился примирением двух родов и, соответственно, большой свадебной церемонией двух главных героев.

Несмотря на то, что премьера постановки состоялась 18 октября 2013 года, насладиться постановкой пришли очень много зрителей, однако очень малое количество молодежи – 3 человека, включая меня. Могу с уверенностью заявить, что постановка была представлена в совершенно необычном и новом для зрителей видении. По словам одной из зрительницы Аллы Мухтаровой, спектакль поразил не только невероятной игрой актеров, но и доброй атмосферой, царившей на протяжении всей постановки. Данил Хомко и Екатерина Максим, игравшие Ромео и Джульетта, смогли передать аудитории чувство той настоящей и искренней любви, что не верить им было невозможно.

После спектакля купила билет сразу же на вторую постановку, поняв для себя, что живая игра актеров гораздо лучше виртуальной. Ведь это действительно уникальная возможность увидеть страницы великих произведений в настолько разных видах её подачи: будь это рисунок, мелодия, опера, балет или же спектакль. Хочется отметить, что мода на алкоголь и наркотики уже давно потеряла свою актуальность, и популярностью в основном пользуются те, у кого в приоритете здоровый образ жизни и культурное просвещение. Согласна, что от кино и кафе отказаться невозможно, сама неравнодушна к этим развлечениям, но развивать себя в абсолютно разных сферах никогда не будет лишним.




Катя МЕНДЕЦКАЯ

# Тәуелсіздік — ел тілегі




***Азат ел, көрегенді, бірлігі мол,***
***Қазақ боп туғаныма шаттанамын!***

**Қашанда егеменді ел, тәуелсіздік деген ұғымдар ойымызға оралғанда тебіренбеу мүмкін емес.**
**Тәуелсіздік үшін күрес қанша қасиетті болса, сол күрес тарихы да, оның қаһармандарының есімдері де қасиетті. Сол арман күні кешеге дейін жалғасып, жиырма бес жыл бұрын бақыт құсындай қолымызға қонды.**

Қазақстан Жоғарғы Кеңесі 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстанды Тәуелсіз Республика деп жариялады. Екі жүз жылдай патшалық Ресейдің отары, жетпіс жылдан астам кеңес өкіметінің бұғауында болған Қазақстан егемен ел атанды.

Тереңге үңілсек, тәуелсіздік халқымызға оңайлықпен келген жоқ. Ол-ғасырлар бойы созылған ата-баба қанды жорығының, дабылды-дауылды күресінің заңды жалғасы. Жатса да, тұрса да есінен бір сәт кетпеген бабалардың арманы еді. Тарихқа көз жіберсек, ұлтымыздың абзал азаматтары осы тәуелсіздіктің өзі емес, тек сәулесі үшін қан төкті, жанын пида етті. Осы алып тұлғаларымыз қазақ батырлары, алып тұлғалары еді. Олар: Қаракерей Қабанбай мен Қанжығалы Бөгенбай, Исатай мен Махамбет, дана хан Абылай мен дара ақын Абай. Міне, тәуелсіздікті аңсап, алты алаштың небір ұлы көсемдері мен шешендері дүниеден өтті емес пе?

Ал 1986 жылдың 16 желтоқсаны-қазағымның басындағы тағы бір ауыр күн. Бұл - тоталитарлық жүйе бұғауын үзген нағыз жастар қозғалысы болғаны бәрімізге аян.

*Қазақ елі көкке жетті,*
*танылды,*
*Сен - тәуелсіз мемлекетсің*
*кәдімгі,-*

деп Сағынғали Сейітов жырына қосқандай, тәуелсіздігін алған халқымыз көптеген жетістіктерге жетті. Соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше атанды; еркіндік алғаннан кейін жаңа Елбасымыз, Туымыз бекітіліп, Әнұранымыз қабылданды. 1993 жылы ұлттық валютамыз қолданысқа енді; 1995 жылы Ата Заңымыз қабылданды. Қазақ халқы әлем елдерімен теңдесті. Иә, сонау заманда өмір сүрген Қорқыт бабам мен мәңгілік жер ұйық іздеген Асан қайғының ұлы арманы орындалғанына 25 жыл! Әне көгілдір байрағымыз желбіреп, алыстан елтаңбамыз көзге түсіп тұр. Халқымыздың барша тарихы-осы тәуелсіздік үшін, елдік үшін, халықтың бас бостандығы үшін күрес жолы.

Тәуелсіздік негізі-елімізді іргелі ел қатарына қосу, халқымызды серпілту, рухани мәдениетін көтеру. Тәуелсіздік жолында көптеген игі істер атқарылуда. Бүгінгі таңда біздің алға қойған мақсатымыз- Қазақстан мемлекетін, Отанымызды жаңа үлгіде, жаңашыл саясатпен өркениетті елдердің қатарына қосу, өркендеген мемлекеттердің шыңынан көру. Ал ондай істерді жүзеге асырып, елді көркейту - егеменді елдің болашақ ұрпағының ісі.

*Үлгі бізге аталардың ерлігі,*
*Ұлағаты, өнегесі, еңбегі,*
*Тәуелсіздік туын ұстап жоғары*
*Бүгінгі ұрпақ - болар елдің ертеңі!*

Егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалып ел қорғаған батыр бабаларымыз бен аналарымыздың бізге қалдырған аманатындай туған елімізді қорғау, нығайту - әрбірімізге парыз.

Біз - азат елдің ұланымыз, Қазақстан деген байтақ елдің түлегіміз!

Бинұр ЕРАЛИЕВА

# The President should be...



Photo by Kamila Ilimbayeva

On the 28th of November the name of the first president of NIS IB became known to the entire community of our school. By the results of the voting, Kamila Ilimbayeva took up the position of the school president. Thus, we did not lose a chance to take an interview with the official face and representative of our school.

**DANA: My congratulations to you. So, how do you feel as the first president of NIS IB?**

KAMILA: Firstly, I am boundlessly happy, because if people vote for me, it means that they believe me and think that I am worthy of this title. Also, it is a big responsibility to be the president, and even if I would not take any global decisions, I represent our school to some extent.

**DANA: So, the question is about what was your main aim of becoming a school president?**

KAMILA: From the 5th grade, as I entered NIS, I have been actively participating in school life, combining studying with creativity. I am sure that becoming a school president will give me an opportunity to improve school life and provoke interest of students in school activities and self-development.

**DANA: As we all know, the presidential race was very tough and your rivals were strong and competent. What is your opinion about them?**

KAMILA: Each of them deserves to become a president of our school because we really have a lot of talented students who can meet all the expectations.

**DANA: Why do you think the majority voted for you?**

KAMILA: I keep company with a lot of students. I have such an advantage because I am actively engaged in school life. I have good relationships with the teachers, administration and students. I am always happy to help everyone as much as I can.

**DANA: Do you already have your presidential plans and how are you going to implement them?**

KAMILA: I would like to unite the student community. Today, the 7th and 8th graders are not acquainted with the students from the 11th and 12th graders. I would like to arrange such activities that would allow high school students to share their experience with the youngs not in the form of a lecture, but in an interesting way helping to know each other better. I am going to, first, hold a meeting with athletes as a motivation to live a healthy lifestyle, which is, in general, an interesting event during a school week, and will conduct a winter ball. And then I will, of course, consult with the school administration and the student council, learn what they care about, and then we will make uniform decisions.

**DANA: How do you think, will you be able to incorporate students opinion in your future plans?**

KAMILA: I believe that my goals should be based on the opinion of students of our school, because the President is not the one who protects only his own interests, but cares deeply about the entire community. Therefore, the majority opinion will be of great interest for me

**DANA: What traits does the dependable leader has to have?**

KAMILA: A leader should be friendly, highly motivated, but at the same time pure and simple, because it is easier to find a common language with a simple person.

*IBeasy team wishes best of luck to Kamila in her new implementations!*

Dana DZHOLLASPAYEVA

# НЗМ бастамасын қолда

**Қазақстанннның тәуелсіздігін және Тұңғыш Президенті күнін тойлауға еліміздің барлық Назарбаев Зияткерлік мектептері қатысты.**

22 қараша күні бүкіл Қазақстан бойынша ILOVEKZ атты флэшмобы өтті. Біріңғай іс-шараға қатысу үшін Мемлекеттік рәміздермен суретке түсіп, әлеуметтік желідегі парақшаға #ILOVEKZ хэштегін қолданып жариялау керек еді.



Астана қаласындағы ХБ НЗМ



Ақтау қаласындағы НЗМ




Қостанай қаласындағы НЗМ

**28 қараша** күні мектебіміздің кітапхана үйірмесінің ұйымдастырушылары атаулы мерекеге орай 7-10 сынып оқушылары арасында викторина ойынын өткізді.



Қатысушылардың жеңуге ынтасы, эрудициясы мен белсенділігі осы ұрпақтың көптеген салаларда атып шығуының бірден бір айғағы. Квест барысында алдымен тест сұрақтарына жауап табу, содан соң викторина жүргізілді. Жеңімпаздар тәттілерге ие болды.



Фото: Арыстан Жулумбетов



Фото: Арыстан Жулумбетов



Фото: Арыстан Жулумбетов

Камиля СЕЙСЕМБЕКОВА

# Астана тұрғындарына




IBeasy редакциясы ҚР тұңғыш Президенті күні мен Тәуелсіздік күніне орай Астана қаласындағы өткізілетін мерекелік іс-шараларға қысқаша шолу ұсынады.

1. Мәдениет және Спорт министрліктерінің мәлімдеуінше, Астананың тұрғындары мен қонақтары қаланың барлық кинотеатрларында "Путь лидера" атты киноэпопеясын тамашалай алады.
2. 1 желтоқсан күні сағат 11.00-де Тұңғыш Президенттің кітапханасында "Тұңғыш - Первый" атты кино апталығы басталады.
3. 13 желтоқсан күні Оқушылар сарайында "Мәңгілік ел - Қуатты Қазақстан" атты мерекелік концерті өтеді.
4. 15 желтоқсан күні сағат 15.00-де "Астана




Опера" театрында мерекелік концерт ұйымдастырылады.
5. 16 желтоқсан күні сағат 16.00-де "Қазақстан" орталық концерт залында "Қазақ елі" киноэпопея циклінің "Қазақ Хандығы" фильмінің тұсаукесері өтеді. Астана қаласының мәдениет басқармасының мәлімдеуінше, 14 желтоқсан күні 19.00-де Конгресс-Холлда Мемлекеттік академиялық филармониясының "Думанды Ел" атты концерті өтеді.
6. 16-19 желтоқсан күндері уақытымды қалай өткіземін десеңіз, Тұңғыш Президенттің




кітапханасында 10.00-ден 17.00-ге дейін ҚР тұңғыш Президенті күні мен Тәуелсіздік күніне арналған көрмелер өтеді. Кіру тегін.
7. 16 желтоқсан күні "Астана" концерт залында (бұрынғы Конгресс-холл) эстрадалық




жұлдыздардың қатысуымен мерекелік концерт өткізіледі.

**IBeasy редакциясы сіздердің мерекелік демалыс күндеріңіздің тиімді әрі көңілді өтуіне үлес қосты деп үміттенеміз!**

Пайдаланған ақпарат көзі: tengrinews.kz

Камиля СЕЙСЕМБЕКОВА

# Thanksgiving around the world

Everybody at our school most likely knows about the event called Thanksgiving. It is celebrated in every nook and cranny of North America. The concept behind it is to thank God for the blessing of the harvest. A similar ceremony is celebrated in many different countries. The date, rituals and customs may be different, but the reason is the same: to thank the Almighty Lord for a flourishing harvest.

**Germany**

On the first Sunday of October, the Erntedankfest, churches in the cities have special festivities that include a procession where one wears *Erntekrone, a harvest crown made of grain, flowers, and fruit. Even if turkeys are slowly building their way up to the German table, fattened up chickens, geese, and roosters remain the public's favorite. (Bright Hub Education Writer)*

**Alaska**

Although it is part of the US, their celebrations have some differences. No Turkeys, gravy or pumpkin pie here. Specifically, this holiday is celebrated after the end of salmon fishing and berry harvest. People used to address to the spirits via songs and dances. They also appealed to the souls of animals who played a significant role in their lives. During those dances, masks and beautiful ceremonial dresses were being worn.  Beats of skin drums, bird beak rattles and piercing whistles, which were usually used to call on the spirits to the dance house, followed this. (Alaskan Harvest Festivals)

**China**

In the Chinese culture, August Moon festival that is on the 15th day of 8th lunar month of their calendar is celebrated. People believe that the moon is at its brightest and roundest on that day. Surprisingly, another name for this holiday is the Women's day. Women are compared to the ideal of warmth and tenderness. They are gifted with fertility, similar to Mother Earth. The main delicacy consumed is the Moon Cake. (Thanksgiving around the world)

Dameliya KOISHYBAYEVA

# Вспомогательная игра




Спорт, как все мы знаем, очень полезен. Он помогает людям укреплять свой дух и тело, но еще лучше, если он облегчает жизнь и нашим меньшим собратьям. С приходом зимы их жизнь слаще не становится, и поддержка им точно бы не помешала. Для того чтобы мороз прошел незаметно для собак, живущих в приюте, Dog shelter club решил организовать сбор денег, а одновременно с этим еще и порадовать всех любителей спорта в нашей школе. Ими был инициирован товарищеский матч по баскетболу между двумя Назарбаев Интеллектуальными Школами, прошедший 24 ноября. За символическую сумму люди могли понаблюдать напряженный матч между командами, желающими выяснить, кто же сильнее. Вкупе с этим предлагалась и еда на случай, если накал страстей в игре пробудил голод в желудках зрителей. Разочарованным не остался никто - игровую практику получили все наши игроки с 9 по 12 классы, а пришедшие поддержать их зрители увидели встречу, полную действия, к тому же закончившеюся победой нашей команды со счетом 43:38! Организаторы получили выручку в размере 38 тысяч тенге и благодарят всех, кто пожертвовал свои деньги и личное время на матч. Благодарными остались и наши друзья с приюта, ведь зима уже не кажется такой суровой.




Алиби РАХИМЖАНОВ

# Кто на свете всех милее?

У входа в актовый зал собирается небывалая очередь, и становится ясно, что тебя ожидает что-то грандиозное и захватывающее. Ученики и учителя ждут, когда наконец откроются двери, и начнется долгожданное шоу. В толпе разносятся имена участниц: все пытаются предугадать, кто же станет победительницей и обладательницей звания "Мисс NISA IB 2016". Кто-то пришёл поддержать подруг: в толпе пестрят яркие плакаты с именами конкурсанток; кому-то интересны шоу и выступления, над которыми работали долгих два месяца и в которые вложили немало времени и сил. Ну, а мы, журналисты "IBeasy", пришли убедиться, что концерт "Miss NISA IB 2016" повторит успех прошлого года и в очередной раз покажет, что ученицы нашей школы не только очень умны и красивы, но и необычайно талантливы и находчивы.


Фото Камили Сейсембековой

Конкурс, по традиции, начинается с открывающего танцевального номера и знакомства с участницами. Девушки рассекают сцену на высоких каблуках, демонстрируют навыки дефиле и танцуют. Как признались сами конкурсантки, до участия в конкурсе, некоторые никогда не надевали каблуки и это, видимо, давалось им с трудом.

Следующий этап шоу талантов помог девушкам доказать, что красота - это не единственное, чем они могут гордиться. В частности, шоу включало в себя танцевальные и вокальные номера. Зрителей ожидали многочисленные песни, как зажигательные, так и лиричные, в формате караоке, чтобы можно было подпевать, держать в руках фонарики, создавая особенную атмосферу. Всех, без исключения, поразили танцевальные выступления участниц, однако порой они казались нам немного неподходящими к школьному контексту мероприятия. Мы ловили себя на том, что хоть это и являлось показателем раскрепощенности и уверенности девушек, но к такому нас школа, как говорится, еще не готовила. Тем не менее, последний номер с исполнением этюда на фортепиано буквально заставил нас раскрыть рот от восхищения.

Завершающая, но, наверно, самая спорная часть концерта - вопросы судей, которые, по мнению многих зрителей, были распределены несправедливо: кого-то спросили о любимом цвете и рефлексии, а кому -то попались вопросы о количестве материков, начинающихся на букву “А” и полей на шахматной доске. Вопросы, конечно, не назовешь сложными, но нельзя забывать об ужасном волнении участниц, которое порой заставляет забыть обо всем на свете. Помнится, в прошлом году каждая конкурсантка отвечала на различные вопросы на проверку эрудиции. Таким образом всем девушкам предоставлялась возможность блеснуть своими знаниями в науках, языках и других отраслях.

Никак нельзя обделить вниманием ведущих, которые на протяжении всего шоу подбадривали участниц и не давали публике заскучать. Во время долгого ожидания вердикта жюри, они дали зрителям шанс исполнить популярные песни в караоке и даже провели викторину с вопросами, связанными с конкурсом.

В итоге, победу в конкурсе и звание “Miss NISA IB 2016” присудили Александре Бухаревой, ученице 9 класса. Александра будет представлять Казахстан на мировом уровне, ведь именно она будет лицом международной выставки ‘Fashion Expo’. I и II вице-мисс стали не менее прекрасные Дарина Мизам и Полина Белая.

Мероприятие получилось эмоциональным и запоминающимся, во многом благодаря организаторам, болельщикам и, конечно, самим участницам. Не успел второй ежегодный конкурс, уже ставший доброй школьной традицией, закончиться, как многие уже начали гадать, что же ждет нас в следующем году. “Miss NISA IB 2016” показал, чего делать определенно не стоит, и, без сомнений,



Фото Жазиры Асановой

продемонстрировал к чему стоит стремиться, как будущим организаторам, так и претенденткам на звание Miss NISA.

Аида АБЛАЕВА



**Across:**

3. Famous lake that tragically doesn't exist now
4. Everyone who was interested in space knows about this place
5. Tselina once was here
6. Number of presidential elections in the history of independent Kazakhstan
8. Delicious thing that comes to mind first when foreigners think of Kazakhstan
11. Lower house of Parliament
13. Capital of Kazakhstan till 1997
14. Kazakhstani Ruble
15. The most famous song

**Down:**

1. Upper house of Parliament
2. A form of government which was established in 1991 by the president
7. Month of getting independence
8. The main set of principles according to which a state is governed
9. The only person known by everybody in the country
10. OSCE meeting that was held in Astana in 2010
12. Answer to the "where" question in Soviet Union

Independence day is coming! For almost 25 years, December 16th means a lot to every citizen of our country. We cannot miss such an important occasion and we've prepared a puzzle in order to see if the readers of IBeasy really know about Kazakhstan and its

By Alibi RAKHIMZHANOV

## WELCOME THE MEMBERS OF IBEASY TEAM!

Kamilya Seisembekova
*seisembekova.k@nisa.edu.kz*

Kate Mendetskaya
*mendetskaya.e@nisa.edu.kz*

Aida Ablayeva

Alibi Rakhimzhanov

Aruzhan Zhakaibekova

Binur Yeraliyeva

Dameliya Koishybayeva

Dana Dzhollaspayeva

Ainur Seitzhanova